

1) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы № 57 бұйрығына сәйкес "Ақмола облысы Білім басқармасы Атбасар ауданы бойынша білім бөлімінің Атбасар қаласының 2 жалпы білім беретін мектебі" КММ. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2012 жылы 30 наурызда № 7495 болып тіркелді жаңа редакцияда-ҚР Білім және ғылым министрінің 2021.11.19 № 568 және ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2021.11.22 № 432 "Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидаларын бекіту туралы" бірлескен бұйрығымен. 1 ставка жүктемемен бос лауазымға орналасуға

Атбасар қаласы, Веденеев көшесі, 100,

Т. 55435, 87778805699

atb.shkola2@gmail.com

2) әлеуметтік педагог талап етіледі, педагогтің біліміне, біліктілігі мен жұмыс өтіліне байланысты лауазымдық жалақысы 155733 т.т. құрайды.

3) Педагогтің көрсетілген бейін бойынша жоғары педагогикалық немесе арнайы орта педагогикалық білімі болуы тиіс, жұмыс тәжірибесі және біліктілік санатының болуы құпталады.

4) құжаттарды қабылдау мерзімі конкурс өткізу туралы хабарландыру соңғы жарияланғаннан кейін келесі жұмыс күнінен бастап есептеледі. Құжаттарды қабылдау Атбасар ауданы, Атбасар қаласы, Веденеев көшесі, 100 уй3, 105 кабинет мекенжайы бойынша жүзеге асырылады.

5) конкурсқа қатысу үшін мынадай құжаттар тізбесі қажет:

Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидалары туралы [10-қосымшаға](#) сәйкес нысан бойынша қоса берілетін құжаттардың тізбесін көрсете отырып, Конкурсқа қатысу туралы өтініш;

жеке басын куәландыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен алынған электронды құжат (идентификация үшін);

кадрларды есепке алу бойынша толтырылған жеке іс парағы (нақты тұрғылықты мекенжайы мен байланыс телефондары көрсетілген – бар болса);

Педагогтердің үлгілік біліктілік сипаттамаларымен бекітілген лауазымға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес білімі туралы құжаттардың көшірмелері;

еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі (бар болса);

"Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 [бұйрығымен](#) бекітілген нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген).

психоневрологиялық ұйымнан анықтама;

наркологиялық ұйымнан анықтама;

Ұлттық біліктілік тестілеу сертификаты (бұдан әрі – ҰБТ) немесе педагог-модератордың, педагог-сарапшының, педагог-зерттеушінің, педагог-шебердің біліктілік санатының болуы туралы куәлік (болған жағдайда).

Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидалары туралы 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша педагогтің бос немесе уақытша бос лауазымына кандидаттың толтырылған Бағалау парағы.

6) педагогтің бос лауазымы – тұрақты мерзімі.

Әлеуметтік педагог лауазымдық міндеттері.

жеке тұлғаның және оның микроортасының психологиялық-медициналық-педагогикалық ерекшеліктерін, өмір сүру жағдайларын зерттейді, қызығушылықтары мен қажеттіліктерін, проблемаларын, конфликттік жағдайларды, студенттердің, тәрбиеленушілердің мінез-құлқындағы ауытқуларды анықтайды және оларға дер кезінде әлеуметтік көмек пен қолдау көрсетеді;

әлеуметтік-педагогикалық жұмыстың міндеттерін, нысандарын, әдістерін, баланың жеке және әлеуметтік мәселелерін шешу жолдарын анықтайды, студенттер мен тәрбиеленушілердің жеке басының құқықтары мен бостандықтарын іске асыруда әлеуметтік қорғау және әлеуметтік көмек көрсету шараларын қолданады;

студенттер, оқушылар және ұйым, отбасы, қоршаған орта, әртүрлі әлеуметтік қызметтердің мамандары, бөлімдер мен әкімшілік органдар арасында делдал қызметін атқарады;

білім беру ұйымдарында және тұрғылықты жері бойынша білім алушыларды, оқушыларды тәрбиелеу, оқыту, дамыту және әлеуметтік қорғау, тұлғаның қоғам өміріне бейімделуін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар кешенін жүзеге асырады;

жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды, мүгедек балаларды, мүгедек балаларды, бала кезінен мүгедектерді патронат, тұрғын үймен, жәрдемақымен, зейнетақымен, мүліктік және мүліктік емес құқықтарымен қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты үйлестіреді;

сыныптан тыс уақытта студенттердің, оқушылардың дарындылығын, ақыл-ой және дене қабілеттерін дамыту үшін жағдай жасайды;

әлеуметтік ортада адамгершілік, моральдық салауатты қарым-қатынастарды орнатуға ықпал етеді; студенттер, оқушылар мен мемлекеттік, қоғамдық ұйымдар мен әлеуметтік қызметтер арасындағы байланысты қамтамасыз етеді;

мұғалімдермен, ата-аналармен және басқа да заңды өкілдермен өзара әрекеттеседі;

оқу процесі кезінде студенттердің, оқушылардың өмірі мен денсаулығын қорғауды қамтамасыз етеді;

білім беру ұйымында оқу бағдарламаларын әзірлеуге, бекітуге және енгізуге қатысады;

студенттер мен оқушылар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті, академиялық адалдық принциптерін қалыптастырады.

Білуге тиіс:

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» заңдарын және білім беру мәселелері бойынша басқа да нормативтік құқықтық актілерін;

педагогика және психология, физиология, гигиена;

тәрбие жұмысының әдістемесі, үйірмелерге, секцияларға, студияларға, клуб бірлестіктеріне арналған сабақтардың бағдарламалары;

педагогикалық этика нормалары;

балалар ұжымдары, ұйымдар мен бірлестіктер қызметінің негіздерін;

еңбек заңнамасының негіздері, қауіпсіздік және еңбекті қорғау ережелері, санитарлық ережелер мен нормалар.

Біліктілік талаптары:

жоғары педагогикалық білім немесе «Әлеуметтік педагог» бағыты бойынша кәсіптік білім немесе жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптарды ұсынбай, педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжат;

және (немесе) біліктілігі жоғары деңгейде, әлеуметтік педагог лауазымында жұмыс өтілі болған жағдайда: педагог-модератор үшін кемінде 2 жыл, сарапшы-педагог үшін кемінде 3 жыл, педагог-зерттеуші үшін кемінде 4 жыл және оқытушы-магистр – кемінде 5 жыл.

Құжаттар 21.08.2023 бастап 25.08.2023 аралығында қабылданады, комиссия отырысы 28.08.2023 ж.